

ISSN (Print) 2616-6844
ISSN (Online) 2663-1318

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ҚҰҚЫҚ сериясы
LAW Series
Серия ПРАВО

№ 2(131)/2020

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2020

Nur-Sultan, 2020

Нур-Султан, 2020

Бас редакторы

Ибрагимов Ж. И. Заң ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Бас редактордың орынбасары

Абдрасулов Е. Б. з.ғ.д., профессор,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Бас редактордың орынбасары

Аничкин Е. С. з.ғ.д., доцент, Алтай мемлекеттік университеті, Барнаул, Ресей

Редакция алқасы

Абайдельдинов Е.М.	з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Абдилов Қ.С.	PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ақпанов А.Н.	з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Амандықова С.К.	з.ғ.д., проф., Астана халықаралық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Бабкина Е.В.	з.ғ.к., доцент, Беларусь мемлекеттік университеті, Минск, Беларусь
Баймаханов М.Т.	з.ғ.д., проф., академик, «КАЗГЮУ университеті» АҚ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Балтабаев К.Ж.	з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Бурибаев Е.А.	з.ғ.д., проф., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Бусурманов Ж.Д.	з.ғ.д., проф., ҚР Жоғарғы Сот төрелігі Академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Винниченко О.Ю.	з.ғ.д., проф., Тюмень мемлекеттік университеті, Тюмень, Ресей
Исполинов А.С.	з.ғ.д., проф., М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Мәскеу, Ресей
Кала Н.С.	PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Коняхин В.П.	з.ғ.д., проф., Кубан мемлекеттік университеті, Краснодар, Ресей
Коробеев А.И.	з.ғ.д., проф., Қиыршығыс федералды университеті, Владивосток, Ресей
Мукашева А.А.	з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Нургалиева Е.Н.	з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Сарсенова С.Н.	з.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Тлепина Ш.В.	з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Томас Давулис	з.ғ.д., проф. Гедиминас атындағы Вильнюс университеті, Вильнюс, Литва
Рейн Мюллерсон	з.ғ.д., проф., Таллин университеті, Таллин, Эстония
Трунк А.	з.ғ.д., проф., Кристиан Альбрехт атындағы, Киль университеті, Киль, Германия
Турлуковский Я.	з.ғ.д., проф., Варшава университеті, Варшава, Польша

Журнал менеджері: Г. Мендыбаева

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-457)

E-mail: vest_law@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Құқық сериясы

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

27.03.18 ж. № 16992-Ж-тіркеу куәлігімен Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 10 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,

тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-457)

Editor-in-Chief

Ibragimov Zh.I. Doctor of Juridical Sciences, Professor
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief

Abdrassulov E.B., Doctor of Juridical Sciences, Prof.,
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief

Anichkin E.S. Doctor of Juridical Sciences, Assoc.Prof., Altai State University (Russia)

Editorial board

- Abaydeldinov E.M.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Abdilov K.S.** PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Akhpanov A.H.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Amandykova S.K.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Babkina E.V.** Can. of Juridical Sciences, Assoc.Prof., Belarusian State University, Minsk, Belarus
- Baymakhanov M.T.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Academician, KAZGUU University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Baltabayev K.Zh.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Buribaev E.A.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Busurmanov Zh.D.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Academy of Justice under the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Vinnichenko O.Yu.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., University of Tyumen, Tyumen, Russia
- Ispolinov A.S.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Lomonosov Moscow State University, Moscow, Russia
- Kala N.S.** PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Konyakhin V.P.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Kuban State University, Russia, Krasnodar, Russia
- Korobeyev A.I.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Far Eastern Federal University, Vladivostok, Russia
- Mukasheva A.A.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Nurgaliyeva E.N.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Sarsenova S.N.** Can. of Juridical Sciences, Assoc.Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Tlepina Sh.V.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Tomas Davulis** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Vilnius University, Vilnius, Lithuania
- Rain Mullerson** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Tallinn University, Tallinn, Estonia
- Trunk A.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Keele University, Keele, Germany
- Turlukovsky Ya.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Warsaw University, Warsaw, Poland

Managing editor: G. Mendybaeva

Editorial address: 2, K.Satpayev str., of.402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-457)

E-mail: vest_law@enu.kz

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University. Law Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No. 16992-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 10 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhymukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31-457)

Главный редактор

Ибрагимов Ж. И. доктор юридических наук, профессор,

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Зам. главного редактора

Абдрасулов Е. Б. д.юр.н., проф.,

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Зам. главного редактора

Аничкин Е. С. д.юр.н., доцент, ФГБОУ ВО «Алтайский государственный университет», Барнаул, Россия

Редакционная коллегия

Абайдельдинов Е.М.	д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Абдилов К.С.	PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Ахпанов А.Н.	д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Амандыкова С.К.	д.юр.н., проф., Международный университет Астана, Нур-Султан, Казахстан
Бабкина Е.В.	к.юр.н., доцент, Белорусский государственный университет, Минск, Беларусь
Баймаханов М.Т.	д.юр.н., проф., академик, АО «Университет КАЗГЮУ», Нур-Султан, Казахстан
Балтабаев К.Ж.	д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Бурибаев Е.А.	д.юр.н., проф., КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан
Бусурманов Ж.Д.	д.юр.н., проф., Академия правосудия при Верховном Суде РК, Нур-Султан, Казахстан
Винниченко О.Ю.	д.юр.н., проф., ФГАОУ ВО «Тюменский государственный университет», Тюмень, Россия
Исполинов А.С.	д.юр.н., проф., МГУ им. М.В. Ломоносова, Москва, Россия
Кала Н.С.	PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Коняхин В.П.	д.юр.н., проф., ФГБОУ ВО «Кубанский государственный университет, Краснодар, Россия
Коробеев А.И.	д.юр.н., проф., Дальневосточный федеральный университет, Владивосток, Россия
Мукашева А.А.	д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Нургалиева Е.Н.	д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Сарсенова С.Н.	к.юр.н., доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Тлепина Ш.В.	д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Томас Давулис	д.юр.н., проф., Вильнюсский университет имени Гедиминаса, Вильнюс, Литва
Рейн Мюллерсон	д.юр.н., проф., Таллиннский университет, Таллин, Эстония
Трунк А.	д.юр.н., проф., Кильский университет им. Кристиана Альбрехта, Киль, Германия
Турлуковский Я.	д.юр.н., проф., Варшавский Университет, Варшава, Польша

Менеджер журнала: **Г. Мендыбаева**

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-457)

E-mail: vest_law@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева. Серия: Право

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан. Регистрационное свидетельство № 16992-Ж от 27.03.18 г.

Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 10 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1,

тел.: +7 (7172) 709-500 (вн.31-457)

Мазмұны

Мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық

- Кожяхметова С.Г., Ибраев А.С.* Босқындар құқығын қорғау институтының құқықтық аспектілері 8
- Оспанова А.Н., Ибрагимов Ж.И.* Қазақстан Республикасы жастарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық мәдениетін қалыптастырудың кейбір аспектілері 13

Қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық құқық

- Амиргалиев А.А.* Жасырын тергеу әрекеттері институтын жетілдірудің кейбір мәселелері туралы 21

Азаматтық құқық, Еңбек құқық

- Климова Т.В.* Екінші деңгейлі банктердің қызметін қоғамдық қызығушылық ұйымы ретінде заңды түрде реттеу 28
- Теміржанова Л.А., Сыздықов А.Ж., Сағымбеков Б.Ж.* Қазақстан Республикасы заңнамасындағы криптовалюта ұғымының мәселесі туралы 37
- Рахметоллов А.Қ., Бекішева С.Ж., Қыздарбекова А.С.* Кәсіпкерлердің құқық қорғау органдарына сенімінің кейбір мәселелері туралы 44

Халықаралық құқық

- Мамедов Р.Ф., Мамедов Х.Р.* Халықаралық құқық пен діннің арақатынасы 55

Әкімшілік құқық

- Егежанова Д.Р., Смоилов С.Ж.* Кәмелет жасқа толмағандардың әкімшілік жауапкершілігін құқықтық реттеу мәселелері 74

Contents

The theory of the state and the law, the constitutional law

- Kozhakhmetova S.G., Ibrayev A.S.* Legal aspects of the institute of protection of refugee rights 8
- Ospanova A.N., Ibragimov J.I.* Some aspects of formation of anti-corruption legal culture of youth of the Republic of Kazakhstan 13

Criminal and criminal procedural law

- Amirgaliev A.A.* On some issues of improving the Institute of secret investigative actions 21

Civil, Labor law

- Klimova T.V.* Legal regulation as second tier public interest organizations of activity of banks 28
- Temirzhanova L.A., Syzdykov A.Zh., Sagymbekov B.Zh.* On the definition of cryptocurrency in the legislation of the Republic of Kazakhstan 37
- Rakhmetollov A.K., Bekisheva S.Dzh., Kizdarbekova A.S.* On some issues of entrepreneurs' trust in law enforcement agencies 44

International law

- Mamedov R.F., Mamedov H.R.* Relationship between international law and religion 55

Administrative Law

- Yegezhanova D.R., Smoilov S.Zh.* Problems of legal regulation of administrative responsibility of minors 74

Содержание

Теория государства и права, конституционное право

- Кожяхметова С.Г., Ибраев А.С.* Правовые аспекты института защиты прав беженцев 8
Оспанова А.Н., Ибрагимов Ж.И. Некоторые аспекты формирования правовой культуры 13
противодействия молодежи Республики Казахстан коррупции

Уголовное и уголовно-процессуальное право

- Амиргалиев А.А.* О некоторых вопросах совершенствования института негласных след- 21
ственных действий

Гражданское, Трудовое право

- Климова Т.В.* Правовое регулирование деятельности банков второго уровня как органи- 28
заций публичного интереса
Темиржанова Л.А., Сыздыков А.Ж., Сагымбеков Б.Ж. К вопросу об определении сущ- 37
ности криптовалюты в законодательстве Республике Казахстан
Рахметоллов А.К., Бекишева С.Д., Киздарбекова А.С. О некоторых вопросах доверия 44
предпринимателей к правоохранительным органам

Международное право

- Мамедов Р.Ф., Мамедов Х.Р.* Соотношение международного права и религии 55

Административное право

- Егежанова Д.Р., Смоилов С.Ж.* Проблемы правового регулирования в сфере админи- 74
стративной ответственности несовершеннолетних лиц

А.Н. Оспанова, Ж.И. Ибрагимов

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

(E-mail: oan11@bk.ru1, zhamaladen@mail.ru2)

Қазақстан Республикасы жастарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық мәдениетін қалыптастырудың кейбір аспектілері

Аннотация. Бұл ғылыми еңбек заң ғылымындағы зерттелуге сұраныс алатын, заман дертіне айналған болашақ мемлекет тізгініне ие болатын азаматтардың қоғамның негізін бұзатын құқық бұзушылыққа деген құқықтық танымын кеңейтіп, дамытудың кейбір қырларын зерттеуге арналған. Бұл аталған мәселені зерттеуде авторлар еліміздегі рухани жаңғыру үрдістерін міндетті түрде ескеру керектігіне тоқталады. Өйткені бұл әлемнің барлық елдерінде белең алған мәселені ғылыми тұрғыдан зерттеу ұлттық құндылықтардың ерекшеліктері, олардың қоғамдағы кейбір дауларды шешу тетіктерімен тығыз байланысты. Болашақта мемлекетті басқару ісіне араласатын жас мамандардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінен тиімді тетіктерді көруге болады.

Түйін сөздер: заң, акт, сыбайлас жемқорлық, құқықбұзушылық, заңдылық, ұрпақ, тәрбие, шешім, билік.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2020-131-2-13-20>

Әлемнің отыз озық елдерінің құрамына қосылуда біздің еліміз жаһандық рейтингте халықаралық беделді түсіретін мәселелерді саралауға аса мән беруі тиіс. Тақырыпқа қатысты еңбектерді талдай отырып, болашақ ел билеушілердің қоғамның іргетасына әсер ететін сыбайлас жемқорлық ұғымынан ада болуды назардан тыс қалдырмау ең басты міндеттердің бірі. Қазіргі күнде бұл індетпен күрес емес, оның алдын-алуға қатысты іс-шараларға институттар зерделеуде өз кезегін күтуде.

Зерттеуді жүйелі түрде жүргізу үшін, болашақ ұрпақтың құқыққа, заңға деген ұстанымының деңгейін талдап, оны сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы тетік ретінде пайдалануды ұсынуды мақсат еттік. Сонымен қатар, болашақта жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық мәдениетінің қалыптасу ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда танып, білу, зерттеу.

Осы мақаланың зерттеу әдістеріне сүйене отырып, бірнеше міндеттерді орындауға болады:

- жас азаматтардың жалпы құқықбұзушылыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруды зерделеп ұсыну;
- қазіргі кезеңдегі қоғамдық сананы жаңғырту шеңберінде жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық сана деңгейін жетілдіру жолдарын талдау;
- жас жеткіншектердің адами, имани құндылықтарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетік ретінде қолдану;
- елжандылықты қоғамды теріс әрекеттердің алдын алу бағытында негіздеу;
- тәрбие мен білімді ұштастыра отырып, бұл қылмыстық әрекетті болдырмаудың алдын алу.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу өте күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Бүгінгі күнгі әлемдегі елдердің барлығын да қатты алаңдататыны айқын.

Осы орайда бұл қылмыстың түрімен күрес жүргізудің негізгі қағидаттарын Біріккен Ұлттар Ұйымы бекіткен және басқа да жалпыға ортақ халықаралық құқықтық актілерден

көруімізге болады. Біріккен Ұлттар Ұйымының 2003 жылғы Конвенциясын Қазақ елі 2008 жылдың 8 мамырында ратификациялады. Бұл халықаралық құқықтық құжаттың алғысөзіне жүгінетін болсақ: «демократиялық институттар мен құндылықтарды, әдептік құндылықтар мен әділеттілікті бұзатын және тұрақты даму мен құқық тәртібіне нұқсан келтіретін, қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне сыбайлас жемқорлық туғызатын проблемалар мен елеулі қауіп-қатерге, сонымен қатар, ендігі жерде сыбайлас жемқорлық жергілікті проблема болудан қалып, ұлт шегінен тысқары құбылысқа айналғанына, оның қоғамды және барлық елдердің экономикасын қамтып отыр» деп көрсетілген [1,1].

Біздің еліміз мемлекеттің дамуындағы барлық салаларында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға көптеген ресурстарды қолданып келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жаңаша тұрғыда жүргізіп, ұлттық заңнаманы жетілдіру, лауазымды адамдардың бұл әрекетке жол бермеу керектігі жөнінде тың тұжырымдамалық идеяларды ұсынды.

Бұл тұрғыда еліміз халықаралық талаптарды сақтай отырып, көптеген жаңа реформалық шешімдерге бару керектігіне бет бұрды. Әлемдік деңгейде барлық елдердің сыбайлас жемқорлыққа қатысты іс-әрекеті, ондағы бағыттардың жаһандық көрсеткіштері шығарылып, біздің ел төмен сатыдағы көріністі береді.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы аясында өткен жылдың соңындағы көрсеткіші бойынша Қазақстан Республикасы 34, Қырғызстан – 30, Ресей – 28, Әзірбайжан – 30, Тәжікстан – 25, Өзбекстан – 25, Түркменстан – 19, Украина-32 ұпай, Молдова – 32 балл жинады. Рейтинге жоғары Армения – 42 және Беларусь – 45 ұпай [2,1].

Әрине бұл теріс әрекеттің алдын алу тек қылмыстық жауапкершікке тарту, үнемі ол әрекеттерді істеушілерді жазалаумен шектелмейді. Халықаралық тәжірибеге сүйенетен болсақ, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда жастардың құқықтық мәдениетін жетілдіру маңызды рөлге ие болады. Мемлекеттік биліктің атқаратын қызметінің басты басымдықтарының бірі, осы қылмыстық әрекетке қарсы төзбеушілікті негіздеу.

Болашақ ұрпақтың мемлекетті сүюі, ондағы қоғамдық қатынастарды реттеуші заңдарды құрметтеуі, оның нормаларын бұлжытпай орындауы тәрбиелік бағытта жүйелі түрде жүргізілуі керек. Ұлттың генетикалық код құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті жетілдірудің іргетасын қалайды.

Отбасындағы үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, әр адамды тұлға ретінде құрметтеуден құқықтық сананың құнды құрамдас бөліктері негізделеді.

Құқықтық санасы бұзылмаған жас тұрғындар ғана сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті дұрыс қабылдайды. Осындайда ұрпақтардың ауысуына қатысты кейбір зерттеушілердің ғылыми көзқарастарының қажеттілігіне еріксіз көңіл бөлуге тура келеді. Елін, жерін сүю ұғымдары кең мағынада идеологияға ұласып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың іргелі қағидаттары ретінде қолданлуы тиіс. Ұлттық тәрбиенің негізіндегі жоғарғы құндылықтар Қазақ елін әлемге танытқан Әбу-Насыр Әл-Фараби, Абай, Шоқан сияқты тұлғаларды қалыптастырды. Ал олар өз заманында адал, да әділ билік жүргізу туралы мемлекет идеологиясына қажетті құқықтық доктриналарды негіздеді.

Қазақ елінің тәуелсіз, егеменді мемлекет болу идеясының басты тұжырымдарын қалыптастырған Алаш заңгерлерінің де еңбектерінде елге адал қызмет ету идеясы мағыналы түрде беріледі. Болашақ менеджерлердің мемлекет мүддесіне жаны ашып, қызмет етуі қазақ зиялыларының үлгісімен жүрсе құба-құп. Жоғары деңгейде қалыптасқан құқықтық сана ғана ұрпақты қоғамдық мүддені басты орынға қоюға бағыттайды.

Қазақи тәрбие арқылы берілген адалдық, әділдік принциптері Қазақ елін сүюге, оған адал қызмет етуге, тек мемлекеттік мүдденің жеке бастың қамынан жоғары тұру керектігіне үйретеді. Егер жас кезінен осындай көзқарас қалыптасқан болса, ол азаматтың өмір бойғы базалық ұстанымына айналады.

Осы тұста сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбие жайында екі бірегей үрдіске көзжеткізуге болады. Ол туралы ғалымдар мынадай пікір білдіреді: «Біріншіден жастарда адами құндылықтар, моральдық принциптер, құқықтық нормаларға қатысты тиісті ұғымдар мен түсініктерін қалыптастыру болса, екінші жағынан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие адамның бойында адамгершілік сананың қабылдаған және меңгерген элементтеріне сәйкес әрекет ету және іс-қимыл жасауға деген ішкі терең қажеттілікті құрудан тұрады» [3,1].

2020 жылдың наурызынан бастап енгізілген елдегі төтенше жағдай азаматтардың құқық үстемдігіне немқұрайлы қарайтындығын көрсетіп отыр. Күнделікті қарапайым азаматтардың құқықтық тәртіпті сақтамауынан көптеген саланың алдыңғы шептегі өкілдері зардап шегуде.

Бұл бағытта жіберілген қателіктерден сабақ алып, келешек ұрпаққа құқықтық білім беру мәселесіне байланысты әдіс-тәсілдерді жетілдіру жұмыстарын қолға алу керек.

Әрбір азаматтың құқықтық санасының төмен болуы, қарапайым іс-әрекеттеріне мән бермей, соның жауапкершілігінен қашатындығын көрсетеді. Цифрлы білім құзіреттерін үйрету мен қатар заңдылық принциптерін сақтаудың маңызды екендігіне көңіл бөлетін уақыт жетті. Құқықтық ағарту мен құқықтық тәрбиенің рөлін күшейту арқылы қоғамдағы көптеген қайшылықтарды тиімді шешуге болады.

Көптеген зерттеушілер қоғамға жат әрекетке қарсы құқықтық мәдениетті жетілдіруде оның басты негізін қалыптастыратын құрамдас бөліктерге назар аудармайды. Экономикалық дағдарыстар, әлеуметтік күйзелулер азаматтың көңіл-күйінің түсуіне әкеледі.

Жастардың құқықтық санасын қалыптастыруда, құқықтық білім берудің негізін қалыптастыратын құқық үстемдігі қағидатының рөлі зор. Соның негізінде ғана болашақта елге қызмет ететін жас басқарушылардың құқықтық мәдениетін көтере аламыз.

Біздің бұл пікірімізді зерттеушілердің мынадай көзқарастары бекіте түседі: «Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін. Құқық үстемдігі нақты жүзеге асырылған кезде адам және азаматтың құқықтарының сақталуына кепілдік беріледі. Бұл принципті мемлекетте те азаматтарда бұлжытпай орындауы қажет. Әсіресе, мемлекеттік органдардың қызметшілерінің кәсіби құқықтық мәдениеті осы қағидатты орындауға үлес қосады деп ойлаймыз. Құқықтық мәдениет пен құқықтық сананың негізі болып табылатын құқық үстемдігі барлық салаларда маңызды басымдық болып қалыптасуы қажет. Мемлекетіміздің қатарына қосылуды мақсат етіп отырған отыз озық елдердің кәсіби құқықтық мәдениетті дамытудағы басты ұстанымдарының бірі де заңдылық принципі» [4,138].

Құқық үстемдігі қағидатына орай ең негізгі басымдықтардың бірден бірі адамгершілік тәрбиесіне назар аудару. Ал адами тәрбиені құқық үстемдігін түйсініп, мойындаған іс-әрекет бекіте түседі. Жастардың шет елдердің озық технологиясын игереміз деп, сол кеңістікке ғана тән болмысқа еліктеуі, кейбір жағдайда кейбір ережелерді өрескел бұзуына да әкеледі. Сондықтан жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық мәдениетін қалыптастыруда құқықтық білім мен тәрбиенің үйлесімді түрде берілуінің маңызы зор.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзбеушілік, мемлекетте қалыптасқан құқықтық актілердің нормаларынан туындайтын қағидаттарынан негіз ала отырып қалыптасуы тиіс: «Құқық қоғамдық қатынастардың реттеушісі болып ол идея-норма, бағыт ретінде заңды орындаушы тұлғаның өзіндік мақсаты болып, екінші жағынан, қоғамның әртүрлі салаларындағы кез келген әрекеттің құқыққа сәйкестігін анықтайтын көрсеткіш болып табылады. Құқықтық нормалар қоғамдық қатынастарды реттеу, әрекет және әрекетсіздіктен көрінетін субъектілердің мүмкіндікке сай мінез-құлқының шегін анықтау мақсатында қалыптасады.

Құқықтық мәдениеттің жоғарғы деңгейіне ие бола тұрып, тұлға өз тарапынан құқыққа қайшы әрекетке жол бермейді және басқа тұлғалардың ондай әрекет жасамауын ескертуге міндетті. Субъект саналы түрде қоғамға жат әрекет немесе қылмыс істеуі мүмкін. Бұл жағдайда құқықтық мәдениет емес, құқықты мойындамау туралы мәселе көтерілуі тиіс» [5, 36].

«Нұр Отан» партиясының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасының негізгі ұстанымдарының бірі де біз көтеріп отырған мәселерді толық қамтиды. Мемлекеттік деңгейде қабылданған құжаттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда білім алушыларға жүйелі түрде құқықтық білім беретін пәндердің болуы.

Құқықтық ағарту, құқықтық білім беру сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімді тетіктері болып табылады. Жан-жақты берілетін пәндерде бұл мәселенің негізгі алғышарттары, оның себептері, Ата заңға, құқықтық актілерге қатысты базалық ұғымдармен жіте қабысып оқытылғаны жөн.

Жас ұрпақтың кез келген оқу деңгейінде мемлекет, құқық оның рөлі, қызметі, пайдаланылуы, орындалуын жүйелі түрде үйрету білім бағдарламаларындағы ең басты құзіреттердің бірі. Біз осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті бала бақша, мектеп табалдырығынан бастап үйретуге қатысты кейбір сарапшылардың пікірлері ғылыми тұрғыда дау тудыратынын айтқымыз келеді. Психологиясы әлі қалыптаспаған жас жеткіншекке заңгерлердің өзі дұрыс түсініп, талдау жасауда қиынсынатын құбылысты түйсіндіру әлі де көптеген еңбектердің жазылуын талап етеді.

Көптеген зерттеушілердің еңбектері ескеріліп, жан-жақты талданып, жас ұрпаққа саналы құқықтық тәрбие беруді негізге алып әзірленген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері» атты еңбегі кейбір таңдау курстарының қолданылуына негіз болды. Өкінішке орай, бұл пән таңдау компонентіне жылжытылып, бәсекелестік жағдайда назардан тыс қалып қоятын тұстар жетерлік.

Жеткіншіктердің ғасыр індетіне қарсы құқықтық мәдениетін жетілдіруде жоғарғы оқу орындарының миссиясының басты рөл атқаратынын ескере отырып, осы тұста оқытушылардың да рөлінің маңыздылығын айтқан жөн. Оқытушы басты тұлға ретінде әрқашанда жастарды тәрбиелеуде, соның ішінде, жат әрекеттерге қарсы құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті негіздеуде үлкен үлесін қосады.

Цифрлы өркениет дамыған бүгінгі күнде, онлайн форматындағы іс-шаралар, қашықтықтан оқыту технологиясы күн тәртібіне шыкса да, болашағымыздың құқықтық мәдениетте екендігін естен шығармауымыз керек.

Қажет десеңіз, әлемнің кейбір мемлекеттерінің құқық үстемдігін аз мерзімді мойындамауынан індеттің тез таралғандығына куә болдық. Сондықтан құқықты түсіну, заңды құрметтеу және оның нормаларын бұлжытпай орындау ел ішінде ғана емес, жаһандық деңгейдегі тәртіп пен қауіпсіздіктің кепілі екендігін әлем түсінді.

Міне сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негізін қалыптастыруда осы ұғымдар нақты қағидат ретінде ұсталуы керек. Барлық азаматтардың, әсіресе, жас жеткіншектерге құқықтық білімді беретін пәннің қай кезеңде де өзекті екендігін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы

Н. Назарбаевтың мына пікірі растайды: «Мектеп курстарында көбіне көп кеңестік білім беру жүйесінің сарқыншақтары сынды әскери дайындық, өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету негіздері бағдарламалары бар. Сонымен бірге, оқушыларға қазірдің өзінде қажетті инновациялық курстар жоқ. Мысалы, аса көкейкесті болып табылатын «Қазақстан құқығы» (оның болмауы жастардың құқықтық нигилизмі мен сауатсыздығына соқтырады)» [6,1].

Қатты тұжырымдамалық ұстаным ауқымында мемлекет дамуына, беделіне нұқсан келтіретін құқық бұзушылыққа төзбеу, оған жол бермеу тәсілдерін оқыту бүгінгі күннің қажеттіліктеріне айналды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ғылыми-құқықтық тұрғыдан талдап, зерделеп осы іргелі ғылыми тақырыптың негіздерін ғылыми компонент ретінде оқу үрдісіне енгізуді ұсынамыз. Ал Елбасы ұсынған «Қазақстан құқығы» немесе соның негізінде дайындалған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері» курсын жоғарғы оқу орындарының білім алушыларына жалпы білім беру пәні цикліндегі міндетті компонент пәндері ретінде енгізу қажет деген ойдамыз.

Көптеген ғалымдар азаматтық қоғам арасында конституциялық мәдениеттің артуы мәселелерін, сонымен қатар, өскелең ұрпақтың заңды құрметтеу мәдениетін қалыптастыру мәселесін көтеруде. Дегенмен, бұл бағытта да айтарлықтай нәтижеге қол жеткізілмеген.

Ата заңның қоғамдағы ерекше рөлі туралы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев былай деп атап өтті: «Озық әлемдік тәжірибені, тарихи және ұлттық дәстүрлерді арқау еткен Қазақстан Конституциясы халқымыздың бірлігі мен мемлекет тәуелсіздігінің берік негізі саналады» [7,1].

Қарапайым азаматтың Ата заңға, жалпы заң принциптеріне басына іс түскенде ғана назар аударатынын жиі кездестіреміз. Жалпы құқықтық сана, құқықтық мәдениеттің негізі Ата заңды оқып-білу, оны түсіну, нормаларын күнделікті өмірде қолданудан басталады.

Осыны тәжірибеге енгізу азаматтық қоғам үшін жағымды нәтижелерін береді. Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары, міндеттері қарастырылған. Бұл да қоғамдағы жат әрекеттерге төзбеушілікті қалыптастыруда өзінің үлкен үлесін қосады.

Біздің елімізде атқарылып жатқан іс-шаралардың барлығы мемлекетте болатын құқықбұзушылыққа қарсы бағытталған кең көлемді үрдістер. Осы күнге дейін Қазақ елі өзінің дамуының барысында бірқатар маңызды кезеңдерді өткерді. Мемлекеттегі сабақтастықтың үлгісі болып отырған ауқымды жұмыстар елдің болашақ стратегиялық бағыттарын көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлықты қарсы саясатта біздің мемлекетіміз, бұл құқықбұзушылықтың алдын алу бағытына үлкен мән береді. Сыбайлас жемқорлықты болдыруға ықпал ететін тәуекелдерге талдау жасау, себептерін анықтау, оны болдыруға жол бермеу. Бұл бағытта ғалымдар өздерінің ғылыми тұжырымдарын ұсынатын болса, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің заң факультеті 2019 жылдың қыркүйек айынан бастап сыбайлас жемқорлық қарсы құқықтық мәдениетті жетілдіру мақсатында «Әділет» аймақтық жастардың хабын құрды. Құрамына Ресей, Тәжікстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Моңғолия, Қытай елінің жастары кіретін бірлестік болашақ ұрпақтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін жетілдіруге қатысты іс-шараларды өткізеді. Мемлекет Басшысының ұсынысымен «Волонтерлар жылы» аясында құрылған республикалық «Ізгілік елшісі» волонтерлық ұйымының шеңберінде құқықтық кеңестер беріп отырады.

Баспасөз ақпараттық құралдарында сұқбаттар беріп, жастарға арналған заманауи роликтер түсіріп, бүгінгі таңдағы қашықтықтан оқыту технологиясын пайдаланып көптеген істерді жасауы, сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуінің кепілі болмақ.

Жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті көтеру жолындағы мінез-құлқы, адами ұстанымдары, болмысы бұл індеттің алдын-алу жолындағы ең тиімді тетіктердің бірі болады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы N31 Заңы. [Электрон. ресурс]. - URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000031_\(дата_обращения:11.04.2020\)](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000031_(дата_обращения:11.04.2020)).

2. Трансперенси Интернешнл 2019 жылғы сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі. [Электрон. ресурс]. - URL:

https://www.transparency.org/news/pressrelease/2019_CPI_efforts_stagnate_in_G7_RU
(д ат а обр ащен ия: 12.04.2020).

3. Иванычева Т.А., Сарпова О.А. «Антикоррупционное просвещение» для обучающихся профессиональных образовательных организаций тюменской области». Әдістемелік ұсыныстар. – Тюмень: ТОГИРРО, 2017.- 28б.

4. Ибрагимов Ж.И. Қазіргі заманғы мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетін жетілдіру // «Құқық жүйесі мен замануи мемлекет: мәселелері, даму үрдістері және келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. - 2019. – 672 б.

5. Ибрагимов Ж.И. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құқықтық мәдениетін жетілдірудің мәселелері // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жаршысы. Құқық сериясы. Нұр-Сұлтан. - 2019. – Т.126. - №1. – 189 б.

6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына 20 қадам. [Электрон. ресурс]. - URL: https://www.inform.kz/kz/nursultan-nazarbaev-kazakstannyn-aleumettik-zhangyrtyluy-zhalpyga-ortak-enbek-kogamyna-karay-20-kadam_a2478341 (д ат а обр ащен ия: 12.04.2020).

7. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Конституция күнімен құттықтау сөзі. [Электрон. ресурс]. - URL: <http://www.akorda.kz/kz/events/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-kasym-zhomart-tokaevtyn-konstituciya-kunimen-kuttyktauy> (д ат а обр ащен ия: 12.04.2020).

А.Н. Оспанова, Ж.И. Ибрагимов

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Некоторые аспекты формирования правовой культуры противодействия молодежи Республики Казахстан коррупции

Аннотация. В статье рассматривается разработка путей модернизации антикоррупционного правового сознания молодежи Республики Казахстан с учетом общих тенденций и закономерностей модернизации сознания казахстанского общества. При этом особое внимание уделено отдельным универсальным механизмам формирования профессиональной правовой культуры молодежи, исходя из особых свойств и характеристик правых сторон национальной идентичности, а также международных стандартов.

Авторы анализируют многие источники касательно решений и мероприятий по противодействию коррупции, обращают внимание на методы и подходы, направленные на минимизацию сферы приложения коррупции в любом ее виде, а также дают рекомендации по преподаванию курсов, которые будут содействовать созданию антикоррупционной атмосферы в обществе, развитию антикоррупционной устойчивости молодежи.

Ключевые слова: государство, право коррупции, правовая культура, молодежь, правосознание, знание, правовая система, общество.

**Some aspects of formation of anti-corruption legal culture of youth
of the Republic of Kazakhstan**

Abstract. The article is aimed at developing ways to modernize the anti-corruption legal consciousness of the youth of Kazakhstan Republic, getting recognition of general trends and patterns of modernization of consciousness of Kazakhstani society. While special attention is paid to individual universal mechanisms for the formation of a professional legal culture of youth, based on the special properties and characteristics of the right sides of national identity, as well as international standards.

The authors analyze many sources regarding decisions and measures to combat corruption. They draw attention to methods and approaches aimed at minimizing the scope of the application of corruption in any form. They also give their recommendations regarding the teaching of courses that will contribute to the creation of an anti-corruption atmosphere in society, the development of anti-corruption stability of youth.

Keywords: state, corruption law, legal culture, youth, legal awareness, knowledge, legal system, society.

References

1. Birikken Ұлттар Ұжымның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы N31 Заңы [Law of the Republic of Kazakhstan dated May 4, 2008 N31 on ratification of the United Nations Convention against Corruption]. [Electron. resource]. - Available at: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000031_ (Accessed: 11.04.2020).

2. Transperensi Interneshnl 2019 жылғы сыбайлас жемқорлықты қабылдау индекси [Transparency International's Corruption Perceptions Index 2019]. [Electron. resource]. - Available at:

https://www.transparency.org/news/pressrelease/2019_CPI_efforts_stagnate_in_G7_RU (Accessed: 12.04.2020).

3. Ivanycheva T.A., Sarpova O.A. «Antikorruptionnoe prosveshchenie» dlya obuchayushchihsya professional'nyh obrazovatel'nyh organizacij tyumenskoj oblasti» [Ivanycheva T.A., Sarpova O.A. «Anti-corruption education» for students of professional educational organizations of the Tyumen region « Adistemelik Asynystar] (Tyumen: TOGIRRO, 2017.- 28p.).

4. Ibragimov ZH.I. Қазіргі заманғы мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетін зhetildiru, «Құқық zhүjesi мен zamanui мемлекет: мәseleleri, damu үrdisteri zhәне keleshegi» atty halyқаралық ғылыми-təzhiribelik konferenciya materialdaryнuң zhinaғы [Improving the legal

culture of modern civil servants, Proceedings of the international scientific-practical conference «The legal system and the modern state: problems, development trends and prospects.», 672 (2019).

5. Ibragimov ZH.I. Memlekettik qyzmetshilerdiң kәsibi құқықтық мәдениетін zhetildirudiң мәseleleri, L.N.Gumilev atyndzhaғу Euraziya ұлттық университетінің zharshysy. Құқық seriyasy [Problems of improving the professional legal culture of civil servants // Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Law Series], 1(126), 189 (2019).

6. Nazarbaev N.Ә. Қазақстанның әлеуметтік zhaңғуртылуы: zhalpyға Orтақ Еңбек қоғамына 20 қadam [Social modernization of Kazakhstan: 20 steps to a society of universal labor]. [Electron. resource]. - Available at: https://www.inform.kz/kz/nursultan-nazarbaev-kazakstannyn-aleumettik-zhangyrtyluu-zhalpyga-ortak-enbek-kogamyna-karay-20-kadam_a2478341 (Accessed: 12.04.2020).

7. Memleket basshysy Қасым-ZHомарт Тоқаевтың Қазақстан Respublikasy Konstituciya күнімен құттықтау sөзі [Congratulatory speech by President Kassym-Zhomart Tokayev on the Constitution Day of the Republic of Kazakhstan]. [Electron. resource]. - Available at: <http://www.akorda.kz/kz/events/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-kasym-zhomart-tokaevtyn-konstituciya-kunimen-kuttyktauy> (Accessed: 12.04.2020).

Авторлар жайлы ақпарат:

Оспанова А.Н. - Заң факультетінің докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ибрагимов Ж.И. - Заң факультетінің деканы, з.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ospanova A.N. - PhD student, Faculty of Law, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpaev st., 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Ibragimov J.I. - Doctor of Law, Professor, Dean of the Faculty of Law, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpaev st., 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.